

Қытай Халық Республикасынан шығарылатын және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін құйма алюминий дөңгелекті дискілерге қатысты демпингке қарсы шараның қолданылуын ұзарту туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2024 жылғы 19 наурыздағы № 23 шешімі

Үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолдану туралы хаттаманың 109-тармағының бесінші абзацына (Еуразиялық экономикалық одақ туралы 2014 жылғы 29 мамырдағы шартқа тіркелген № 8 қосымша) сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссиясы алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссиясы алқасының 2019 жылғы 26 наурыздағы № 43 "Қытай Халық Республикасынан шығарылатын және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін құйма алюминий дөңгелекті дискілерге қатысты демпингке қарсы бажды енгізу арқылы демпингке қарсы шара қолдану туралы" шешімімен белгіленген демпингке қарсы шараның қолданылуын қоса алғанда, 2024 жылғы 26 желтоқсанға дейін ұзартылсын.

2. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің Кеден ісі саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдары осы шешім күшіне енген күннен бастап 2024 жылғы 26 желтоқсанды қоса алғанда, мөлшерлемелер бойынша демпингке қарсы баж өндіріп алу үшін белгіленген тәртіппен Еуразиялық экономикалық комиссиясы алқасының 2019 жылғы 26 наурыздағы № 43 шешімімен алдын ала демпингке қарсы баждарды алуды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң, бірақ 2024 жылғы 28 сәуірден ерте емес күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
алқасының төрағасы*

Б. Сағынтаев